

## **Ақтөбе қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 5137 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 желтоқсанда № 7858 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, кредиттеу және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақтөбе қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны, оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қаласы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қаласының әкімі*

*А. Шахаров*

Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 5137 қаулысына қосымша

## **Ақтөбе қаласы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 26 наурыздағы № 1845 "Ақтөбе қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-1-184 тіркелген, 2018 жылғы 28 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысы.

2. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 16 тамыздағы № 3798 "Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 26 наурыздағы № 1845 "Ақтөбе қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6365 тіркелген, 2019 жылғы 26 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысы.

3. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 27 ақпандағы № 997 "Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 26 наурыздағы № 1845 "Ақтөбе қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6840 тіркелген, 2020 жылғы 5 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысы.